



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6B01405 – Кәсіптік оқыту (сәндік өнер)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Шығармашылық өзін-өзі көрсетудің, ұлттық болмыс пен мәдени әртүрліліктің нысандары мен практикасын игеруге бағытталған ресми және бейресми көркемдік білім беруді жүзеге асыруға қабілетті мұғалімді даярлау
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Ресми және бейресми көркем білім мен тәрбие, сонымен қатар көркем біліммен байланысты мемлекеттік реттеулер мен ғылыми қызметтер

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН1** – көркем білімге қазақстандықтардың жаңа тарихи санасын қалыптастыру саясатының басымдықтарын енгізе отырып, тарихи-саяси сипаттағы қазіргі заманғы процестерді сыныптайды;
- ОН2** – қазіргі ғылымның философиялық, әлеуметтанулық, саяси, мәдениеттанулық және психологиялық аспектілерін, сондай-ақ мәдениет пен өнер әлеуетін пайдалана отырып, тиімді мәдениетаралық коммуникация техникасын бейімдейді;
- ОН3** – шығармашылық бірлестіктер мен одақтарды қоса алғанда, жастар ортасындағы көшбасшылардың жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін практикалық білімді пайдаланады;
- ОН4** – мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде көркем-кәсіптік білім беруді дамытудың проблемалары мен перспективалары бойынша өз пікірін ұсынады және дәлелдейді;
- ОН5** – жаңа цифрлық технологияларды қолдануға, әртүрлі ақпараттық ресурстардың әлеуетін пайдалануды қоса алғанда, қашықтықтан оқыту әдістемесі мен технологиясының мүмкіндіктеріне негізделген білім беру процесін модельдейді;
- ОН6** – кәсіби оқытуды жетілдіру мақсатында экономика және бизнес, кәсіпкерлік және көшбасшылық, өмір қауіпсіздігі және салауатты өмір салты, экология және тұрақты даму, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері бойынша материалды пайдаланады;
- ОН7** – ЮНЕСКО-ның материалдық және материалдық емес мұраларын қоса алғанда, отандық өнер мен көркем мәдениеттің ежелден қазіргі заманға дейінгі қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін сыныптайды;
- ОН8** – мектеп оқушыларының даму психологиясы мен физиологиясына сүйене отырып, ресми және бейресми көркем білім берудің педагогикалық процесін құрастырады;
- ОН9** – менеджмент, оқушылардың жетістіктерін өлшеу технологиясы, көркем пәндер мен цифрлық мәдениетті оқытудың заманауи әдістемесі, соның ішінде инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби оқыту шеңберінде педагогикалық процесті құрады;
- ОН10** – сурет және кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер (түрлері бойынша), жазық және көлемді мүсін, керамика, дизайн, колористика және тұстану негізінде қазіргі заманғы өнер нысандары саласында, оның ішінде интерактивті графика құралдары мен медиа-өнердің аудиовизуалды компоненттерінің көмегімен шығармашылық жұмысты модельдейді және жасайды;
- ОН11** – келесі бөлімдер бойынша қажетті оқу материалдарын зерттейді және таңдайды: үй мәдениеті және тамақтану мәдениеті, робототехникалық және мехатрондық жүйелердің түрлері (ұлдар), көркем еңбек сабақтарын сапалы жүзеге асыру үшін тігін бұйымдарын дайындау технологиялары (қыздар);
- ОН12** – қолмен және машинамен қаріптерді қоса алғанда, сызбаларды, өнім сызбаларын және басқа графикалық құрылымдарды модельдейді және жасайды.

